

Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ

HOCA AHMET YESEVI ULUSLARARASI
TURK-KAZAK UNIVERSITESI

Медицина факультеті
«Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасы



Тақырыбы: **Транквилизаторлар**

Қабылдаған: Мәденбай К

Орындаған: Нағашыбай Ә.Н.

Тобы: ЖМ-419х

Кентау-2018ж.





ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

Негізгі бөлім

Әсер ету механизмі

Транквилизаторларды тағайындау көрсеткіштері

Транквилизаторларға жататын препараттар

Жанама әсерлері


Препаратты қолдануға қарсы көрсеткіштер

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

ТРАНҚВИЛИЗАТОРЛАР, *анксиолитиктер*
(лат. *tranquillo* – тыныштандырамын) –
тыныштандыратын қасиеті бар, психотроптық
құралдар тобына жататын дәрілік
препараттар.





Транквилизаторлар адамның эмоциялық ширығуын, қозуын, бір нәрсеге алаңдауын азайтып, бұлшық еттің жиырылуын төмендетеді, вегетативті жүйке жүйесі қызметіне әсер етіп, кейбір ұйықтатын дәрілердің әсерін күшейтеді.

Транквилизаторлардың әсер ету нүктесі қазіргі кезде ГАМК және бензодиазепиндік рецепторлардан, хлорлы каналдан тұратын хлор-ионды рецепторлық кешен болып есептеледі.

Транквилизаторлар ОЖЖ әрбір бөлігіне лимбиялық жүйеден бастап ми қыртысына дейін тежегіш әсер көрсетеді, олардың өзара байланысын бұзады. Сонымен қатар, спиналдық рефлестерді басады, бұлшық еттердің релаксациясын шақырады.

Транквилизаторлардың бензодиазепиндік рецепторларға жоғары таңдамалы троптылығы біріншіден жанама әсерінің төмендігін, екінші жағынан психотропты белсенділік спектірінің аса тарлығын көрсетеді.

Транквилизаторларды тағайындаудың басты көрсеткіштері:



Невротикалық және невроздар шеңберінде өтетін.....

- *астениялық;*
- *Диссомниялық;*
- *Обсессивті-фобиялық;*
- *Ипохондриялық;*
- *Истериялық;*
- *Үрейлі-депрессивті жағдайлар;*
- *Психопатиялар;*
- *Реактивті жағдайлар;*
- *Циклотимия;*
- *Баяу ағымды шизофрения немесе шизофрениялық ремиссия;*
- *Бас миының органикалық зақымданулары сияқты невроз тәріздес бұзылыстардың кең шеңбері болып табылады.*

Транквилизаторларға жататын препараттар

Бензодиазепин туындылары:

- **Ұйқы шақыратын:** нитразепам (радедорм, эуноктин)

Флуниразепам (рогийнол)

Триазолам (хальцион)

Мидазолам (дормикум)

Флуразепам

- **Седативті әсерлі:** хлордиазепоксиз (элениум, либракс, хлзепид)

Феназепам, лоразепам (авитан, тавор, мерлит)

- **Жеңіл белсендендіруші әсері бар заттар:** диазепам (сибазон, седуксен, реланиум),

- **Тырысуға қарсы әсері бар заттар:** клоназепам (антелепсин)



Транквилизаторларға жататын препараттар

Бензодиазепиндік емес препараттар:

- **Ұйқы шақыратын:** зопиклон (имован), золпидем (авадал), мепротан (мепробамат)
- **Седативті әсерлі:** мебикар
- **Жеңіл белсендендіруші әсері бар заттар:** грандаксин, триоксазин
- **Тырысуға қарсы әсері бар заттар:** барбитураттар, карбамазепин




Ең белсенді әсер көрсететіндері – феназепам, лоразепам. Олардың транквилизаторлық және седативті әсері антипсихотикалық дәрежеге дейін жетеді.

Күші бойынша бұл препараттардан тазепам, элениум, рудотель және басқа препараттар төмен түседі.

Триоксазиннің миорелаксациялық әсері жоқ, белсендендіру әсері күштірек, сондықтан ол күндізгі тыныштандыратын зат ретінде қолданылады.

Грандаксиннің белсендендіруші әсері күштілігі соншалық, ол өзі қозу мен ұйқысыздық шақыруға қабілетті; осыған байланысты кейбір авторлар оны психоэнергетикалық препараттарға жатқызады.


Нитразепамның ұйықтату әсері күшті болса, клоназепамның – тырысуға қарсы әсері бар.






Шизофрениямен науқастардағы психотикалық үрейлі синдромдар кезінде транквилизаторларды жеке дәрілік зат ретінде немесе нейролептиктермен және антидепрессанттармен бірлестіріп қолданады. Сонымен бірге транквилизаторларды дисфориялық бұзылыстары бар эпилепсиямен науқастарды және алкогольизммен науқастардағы абстиненцияның психикалық және соматовегетативті көріністерін басуға тағайындалады. Транквилизаторлардың вегативті – тұрақтандырушы және антипароксизмальді әсері жүрек ритмі бұзылған (жыбырлағыш аритмия), климактерикалық бұзылыстармен, гипоталамикалық криздермен науқастарда пайдалы болып табылады.

Ағзаға ұзақ уақыт бойы
транквилизаторларды
енгізсе , седативті,
антипароксизмальды
және миорелаксациялық
әсерлерге
толеранттылық дамуы
байқалады. Бірақ
транквилизаторлық
эффектке әдеттену
болмайды.



Жанама әсерлері

- ❑ 1.Ұйқышылдық
- ❑ 2.Шаршау, әлсіздік
- ❑ 3.Назар аудару, реакция жалдамдығының төмендеуі
- ❑ 4.Есте сақтаудың төмендеуі
- ❑ 5.Менструалдық циклдың бұзылыстары
- ❑ 6.Дерматиттер
- ❑ 7.Бейімделу
- ❑ 8.Психикалық және физикалық тәуелділік
- ❑ 9.Тератогенді әсер көрсетеді



Препаратты қолдануға қарсы көрсеткіштер:

- Жүктілік және лактация кезінде;*
- Миастенияның ауыр формасында;*
- Бауыр және бүйректің жедел жеткіліксіздігінде;*
- Жедел алкогольді интоксикация кезінде;*
- Және өзінің професиясын жалғастырып жүрген науқастарға сақтықпен тағайындау керек.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Психиатрия, Н.М.Жариков, Л.Г.Урсова

Интернет желісінен: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Транквилизаторлар>



A group of healthcare professionals, including doctors and nurses, are standing in a brightly lit hospital hallway. They are all smiling and looking towards the camera. The man in the foreground is wearing a white lab coat over a blue shirt and tie, with a stethoscope around his neck. He is holding a clipboard. Behind him, several other healthcare workers, including women in blue scrubs and white lab coats, are also smiling and holding clipboards. The background is a blurred hospital corridor with large windows.

**НАЗАР САЛЫШ
ТЫҢДАҒАНДАРҒЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**